

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
А.Ұ. Маминге**

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне  
азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері  
бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан  
Республикасы Заңының жобасы туралы» Қазақстан Республикасының  
Үкіметі қаулысының жобасына  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

**1. Жобаны әзірлеуші мемлекеттік органның атауы**

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

**2. Тиісті нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Үкімет пен Кеңсе басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына жасалған сілтемесі бар жобаны қабылдаудың негіздемелері және/немесе оны қабылдау қажеттілігінің басқа да негіздемелері**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның нормаларын имплементациялауға және Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспарды іске асыру шеңберінде бағытталған.

Заң жобасы ҚР Парламенті Сенатындағы мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі

жұмыс тобының, мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің, сондай-ақ жұртшылық пен сарапшылық қауымдастықтың ұсыныстары негізінде әзірленді.

**3. Жоба бойынша қаржылық шығындардың қажеттілігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есептеулер, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)**

Жоба бойынша 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджетте 185,7 млрд.теңге (2021 жылға – 56,6 млрд. теңге, 2022 жылға – 60,9 млрд. теңге, 2023 жылға – 68,2 млрд. теңге) көзделетін қосымша бюджеттік шығындарды талап етеді және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына жолданды.

**4. Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдарлар**

Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға алып келмейді.

**5. Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімі**

Заң жобасын қабылдаудың мақсаты мүгедектігі бар адамдарға қатысты заңнамадағы кемсітушілік терминдерді жою, әлеуметтік қорғау және жұмысқа орналастыруды ынталандыру, мүгедектігі, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін арттыру, зейнетақы мен жәрдемақы алушыларды жерлеуге берілетін біржолғы төлемдердің мөлшерін арттыру, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелерін жетілдіру бойынша шаралар қабылдау болып табылады.

**6. Жобада қаралатын мәселелер және олардың іске асырылу нәтижелері бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері туралы мәліметтер**

Жоқ.

**7. Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда, заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетінін-етілмейтінін көрсету) не мұндай қажеттіліктің болмауы**

Талап етілмейді.

**8. Ұсынылған халықаралық шарттың жобасын кейіннен ратификациялау қажеттігі туралы ақпарат**

Халықаралық шарт болып табылмайды.

**9. Мемлекеттік құпияларды және (немесе) қызметтік ақпаратты қамтитын жобаларды қоспағанда, Кеңсе Басшысы мен Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 25-1-32қбпү/22П-қбпү бірлескен бұйрығымен бекітілген «Қазақстан**

**Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесінде беруге рұқсат етілген қызметтік ақпарат тізбесіне сәйкес жобаларды және оларға материалдарды «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесі арқылы Үкімет мүшелерінің мобильдік құрылғыларына беру мүмкіндігі**

Рұқсат етіледі.

**10. Қаулы жобасының мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылғаны туралы ақпарат (күні, байт саны)**

Жоба Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz) ресми интернет-ресурсында орналастырылған (2020 жылғы 18 шілде, 1462 КБ), сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің <https://legalacts.egov.kz/npa> ашық порталында жарияланды (2020 жылғы 8 шілде, 1462 КБ).

**11. Тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты жобаның, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар қаулы жобасына баспасөз релизінің уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылғаны туралы ақпарат**

Жоба тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің саудасына немесе зияткерлік меншік құқықтарына қатысты емес.

**12. Жобаның Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі**

Сәйкес келеді.

**13. Үкімет актісінің қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілерінің шығындарын азайтуды және/немесе ұлғайтуды растайтын есептеулердің нәтижелері**

Талап етілмейді.

**14. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптамалық қорытындысымен келіспеу себептерінің негіздемесі**

Талап етілмейді.

**Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі**

**Б. Нұрымбетов**